

№ A00048 19.04.2021 ж

Ішкі жиын

КАРТБАЕВА ЖАРҚЫНАЙ АМАНЖОЛОВНА

*Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
«№ 6 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

| | | | | |
|--|---|--|---|--|
| Мектеп: | Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Картбаева Жарқынай Аманжоловна | | | |
| Пәні: | Математика | | | |
| Сынып: 3 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | Ішкі жиын | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.1.3 сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру | | | |
| Сабақтың барысы. | | | | |
| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Басы | <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ерте тұрып, күнде мен Тереземді ашамын. «Сәлем!» деймін күнге мен, Шаттық әнге басамын. Айналама қарасам, Ғажаптар қаншама, Сан жетпейді санасам, «Сәлем!» деймін күнге мен.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ➤ Уақытты | <p>Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Оқушылар сұраққа жауап береді,</p> | <p>ҚБ: Смайликтер арқылы бір-бірін бағалау.</p>  | <p>Психологиялық ахуал.</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.</p> |

| | | | | |
|-------------------------------|--|---|---|--------------------------------------|
| | <p>үнемдейміз!</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Нақты, дәл жауап береміз! ➤ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ➤ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! <p>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p> | <p>жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p> | | |
| <p>Сабақтың ортасы</p> | <p>Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Өзіндік жұмыс Оқушылар оқулықтағы 2,3-тапсырмаларды өзбеттерімен орындайды. Қиындықтарды түзету Мұғалім тапсырманың орындалу дұрыстығын тексереді. – Кімде қиындық туындады? – Сіз қай жерде қателік жібердіңіз? – Жіберілген қателіктің себебі неде? – Өзіндік жұмыс кезінде қиындық туындамаған балалар өз іс-әрекетіңіздің мақсатын құрастырыңыз. <i>(Қосымша тапсырманы орындау).</i> – Қиындық туындаған балалардың алға қойған мақсаты қандай?</p> | <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Түйінді сөздер</p> | <p>Дескриптор: -Жиындардың қайсысы ішкі жиын болып табылатынын анықтайды. Жалпы – 5 балл</p> <p>Дескриптор: сандар жиынының ішкі жиын</p> | <p>Оқылық, жазылым тапсырмалары.</p> |

| | | | | |
|------|--|---------|--|------------------|
| | <p>(Қатені түзету). – Қателерді түзету алгоритмін қолданамыз. – Әркім өзінің оқу мақсатын айтады. Сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген қасиеттері бойынша құру. Оқушылар сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру. Мұғалім оқушылар ішкі жиын туралы білімдерін бекіту үшін оқулықтағы 4-тапсырманы орындауды ұсынады. Бұдан кейін оқушылар өздері сандар жиынына мысал ойлап табады және оның ішкі жиынын құрады. Қалыптастырушық бағалаумен дәптердегі тапсырманы орындайды. Бағалау критерийі. Мен: 1. жиынның ішкі жиынын табу; сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құруды білемін.</p> | | <p>дарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құрады. Жалпы – 5 балл</p> | |
| Соңы | Жаңа білім мен тәжірибені қолдану | Сабақты | ҚБ: Жұлдызда | Топтық тапсырмал |

| | | | | |
|---------------|---|--|--|-----------------------|
| | | пысықтау тапсырмаларын орындау.. | <u>р арқылы бір-бірін бағалау.</u>  | ар. |
| Кері байланыс | <p>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушыларға «Жетістік баспалдағы» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p>  | «Жетістік баспалдағы» кері байланыс парағы таратылады. | «Жетістік баспалдағы» | Кері байланыс парағы. |

№ A00049 19.04.2021 ж

МУШТАРБЕКОВА АСЕЛЬ МАРАЛОВНА
 Караганды облысы Әл-Фараби атындағы
 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі мұғалімі


| Short – term plan | | |
|---|--|----------------|
| Unit of a long term plan: Term 3 Healthy World | School: School gymnasium Al Farabi | |
| Date: | Teacher name: Mushtarbekova A.M | |
| Theme: | Save our animals 1 animals 1 | |
| CLASS: 4 | Number present: | absent: |
| Learning objectives(s) that this lesson is contributing to | 4.4.1.1 plan, write and check sentences with support on a range of basic personal, general and some curricular topics work; 4.5.5.1 use interrogative pronouns who, what and where, how many, how much, how often, how big, what kind of to ask questions on growing range of familiar topics | |
| Lesson objectives | All learners will be able to: | |
| | -plan, write in 1-2 sentences and check them with some support ; -choose interrogative pronouns who, what and where, how many, how much, how often, how big, what kind of when asking questions with 75% accuracy | |
| | Most learners will be able to: | |


| | | |
|-------------------------------|---|------------------|
| | <p>-plan, write in 2-3 sentences and check them without any support -choose interrogative pronouns who, what and where, how many, how much, how often, how big, what kind of when asking questions with 80% accuracy</p> | |
| | <p>Some learners will be able to:</p> | |
| | <p>-plan, write in more than 4 sentences and check them without any support -explain their choice when using interrogative pronouns who, what and where, how many, how much, how often, how big, what kind of to ask questions with 90% accuracy</p> | |
| Assessment criteria | <p>Demonstrate the ability to plan, write and check sentences with some support; apply interrogative pronouns who, what and where, how many, how much, how often, how big, what kind of to ask questions using grammatically correct English</p> | |
| Value links | <p>Environment protection literacy</p> | |
| Cross curricular links | <p>Nature Study</p> | |
| ICT skills | <p>whiteboard</p> | |
| Previous learning | | |
| Plan | | |
| Planned timings | Planned activities | Resources |
| Beginning 5 minutes | Greeting students! Guessing the theme of the lesson. Strategy “Picture association”(Animals) | |


1



**Dividing into 2 groups. Strategy
“Molecules”**

| | | |
|--|--|--|
| <p>Middle</p> <p>12 minutes</p> <p>10 minutes</p> | <p>Activity 1.Strategy “Cards”. Use interrogative pronouns asking questions using below.</p>  <p>Answers:</p> <ol style="list-style-type: none">1. How many snowleopard live in Kazakhstan?2. Where do hares live?3. What do elephants eat?4. What kind of animals is bear?5. How often do flamingos migrate? <p>Descriptor: A learner</p> <ul style="list-style-type: none">• uses interrogative pronouns to ask questions;• uses topic related vocabulary; asks questions following relevant intonation <p>Differentiation by resources Peer assessment</p> <p>Activity 2. To fill and answer to the questions. Strategy “Rock and Roll”</p> | <p>https://yandex.kz/search/?text=old%20macdonald%20had%20a%20farm%20with%20animals&lr=164&clid=1955454&win=311#/videowiz?filmId=10808894230201756389</p> |
|--|--|--|

| | | |
|-------------------|---|--|
| <p>10 minutes</p> |  <p>Possible answers:</p> <ol style="list-style-type: none">1. What kind of animals live in Kazakhstan?2. Where do elephants live?3. What do monkeys eat?4. How many legs does crocodile have?5. How big are elephants ears?6. What is favourite food of rabbits? <p>Descriptor: A learner</p> <ul style="list-style-type: none">• uses interrogative pronouns to ask questions;• uses topic related vocabulary; <p>Differentiation by grouping</p> <p>Group assessment</p> <p>Relax time. Old macdonald had a farm</p> <p>Activity 3. Writing, Active strategy “Sentence starters.Prompts” (FA) Learning objectives: 4.4.1.1 plan, write and check sentences with support on a range of basic personal, general and some curricular topics Assessment criteria: Demonstrate the ability to plan, write and check sentences with some support</p> | |
|-------------------|---|--|

| | | |
|---------------------------------|---|--|
| | <p>Level of thinking Knowledge , Application</p> <p>Task 1A. Write a letter to your friend about your pet according to the example suggested below:</p> <p>Example:</p> <p>Hello my friend! How are you? I want to tell you about my cat. He is not very big, he's only 2 years old. He is white and black,his eyes are blue,his ears and tail are black. He likes to play with a bow or a special ball with spikes.He likes meat and milk. I love my cat, because he is very funny and loyal.</p> <p>Please, write to me soon Best wishes to your parents!</p> <p>Your friend, Tom</p> <p>Task1 B. Check your partner's writing</p> <p>Descriptor</p> <p>A learner:</p> <ul style="list-style-type: none"> -writes a letter according to the example suggested below; -make sentences grammatical correctly using verbs in the present simple; -checks his/her partner's writing | |
| <p>End 3 minutes</p> | <p>Self-assessment</p>  | |

| | | |
|--|---|--|
| | Additional information | Self-assessment <ul style="list-style-type: none"> • Oral assessment by teacher • Well done • Good job “Traffic light” |
| Differentiation – how do you plan to give more support? | Assessment – how are you planning to check learners’ learning? · Peer Assessment sheet | Safety check ICT links PPT , video |
| Differentiation by grouping Differentiation by task | <ul style="list-style-type: none"> • Self-assessment Group assessment Well done / Good job / Steps | |

№ А00053 19.04.2021 ж

Менің отбасым

ШАХАНОВА АНАР СОВЕТХАНОВНА

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы.

Калбатау ауылы. "Алтынай балалар бақшасы» Тәрбиеші

Мақсаты: балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдістер: Әңгімелеу, жұмбақ, тақпақ айту, ойын, сұрақ - жауап, сергіту, шаттық шеңбері.

Көрнекіліктер: отбасы суреттері, қуыршақтың киімдері, макеті.

Сабақтың барысы:

Шаттық шеңбері:

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй болып көрінер.

- Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?

- Ал, киіз үйде кімдер тұрады?

- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?

- Дұрыс айтасыңдар.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ.

Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз.

Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсыңдар?

- Иә, балалар, барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады.

- Қане, балалар мен сендерге бір жұмбақ

жасырайын, шешуін тауып көрейік.

Жұмбақ: Онсыз қызық жоқ маған, онсыз бақыт жоқ маған.

Ол әр баланың панасы, ол не екен, балалар? (отбасы)

- Міне балалар, бұл жұмбақтың шешуі отбасы екен

- Олай болса бәріміз тақтаға назар аударайықшы.

Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсыңдар?

- Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір - біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз.

Отбасы туралы әңгімелеу.

Ойын: " Мынау кім?"

Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.

Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.

Сергіту жаттығуы:

Атамның алып күрегін,

Ауланың қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң - тозаңды қуамын.

Ойын сұрақ: " Көңілді доп"

- Отбасы мүшесін ата.

- Отбасында кімді жақсы көресің?

- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?

- Анаңа қалай көмектесесің?

- Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба?

- Дастархан басында өзіңді қалай ұстайсың?

- Үйдегі ініңе, қарындасыңа қалай көмектесесің?

- Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы.

" Үстел үсті ойыны: "Қуыршақты киіндіреміз»

Мақсаты: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Шарты: қатты қағаздан қиылған қуыршақ макетін киім үлгісімен киіндіру.

Балалардың жұмысын мадақтау.

- Балалар, қуыршаққа өте жақсы киімдерін киіндіре білдіңіздер, адамгершілік, мейірімділік қасиеттеріңізді көрсете білдіңіздер.

- Өте жақсы балалар.

Қорытынды: Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат отбасымыз туралы әңгімеледік. Біз оларды жақсы көруді, сыйлауды, көмектесуді үйрендік. Отбасы ең жақын адамдардың ошағы екенін білдік. Ойындар ойнадық. Бүгінгі сабаққа өте жақсы қатысып, сұрақтарға жауап бере білдіңдер. Бәріміз бірге отбасымызға тілек сөздер айтып, бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз!

Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар өскелең ұрпақтың дара жолы

ТАПАЕВА ГУЛЖАНАТ ХУДАИБЕРДИЕВНА

Ақтөбе қаласы № 23 "Балауса" мектепке
дейінгі ұйымының тәрбиешісі

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге тәрбиелеу.

Оқушыларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой - пікірін білдіре алатын бүлдіршіндерді тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, слайд.

Кіріспе сөзі: Бүгінгі тәрбие сағатымды Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен бастағалы отырмын “Біз “Ұлы Дала елі” деп аталуымыз керек деп есептеймін. Кейбіреуі өздерін “аспан асты елі, ал кейбірі “Күншығыс елі” деп атайды. Біз ұлы даланың ұрпағымыз. Бұл даланы біздің ата-бабамыз бізге қалдыру үшін қанын төгіп қорғаған. “Қазақстан” деген атаумен қатар, “Ұлы Дала елі” атауы да қолданылса дұрыс болады деп ойлаймын”.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басым идеялары жас өспірімдер арасында кеңінен насихатталуда.

1- Бөлім.21-ші ғасырдағы ұлттық сана туралы.

2- Бөлім. Таяу жылдардағы міндеттер

1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

2. Прагматизм

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуга тиіс.

4. Білімнің салтанат құруы

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа-эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізеді.

6. Сананың ашықтығы

Біріншіден, адам жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

1. **«Бәрін өзімізден бастайық»** постері латын әліпиін пайдалана отырып балалар өз аты – жөндерін айту.

2. **«Қазақтың танымал тұлғалары»** Елге белгілі танымал тұлғалардың суреттерін таныстыру, қандай ерліктері мен елге жасаған жақсылықтары туралы айту.

3. «Өзінен баста: Туған жеріңе не бересің?» ойыны

Ағаш – адамның күнкөрісіне қажет және рухани өмірде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы сендерсіңдер!

Еліміздің көркейуіне, гүлденуіне «Туған жеріңе не бересің?» ойыны арқылы өз үлестеріңді қосыңдар.

– Міне, сендерге қарағай ағашын дайындадым.

– Ағашқа не жетіспейді? жапырақтары

– Сендердің парталарыңда жапырақтар жатыр. Дайын тұрған жапыраққа «Туған жеріңе не бересің?» сұрағының жауабын жазып, оқып, қарағай терегіне ілеміз)

4.Сұрақ-жауап ойыны.

Сұрақтары.

1.ҚР елтаңбасында не бейнеленген? – (тұлпар, шаңырақ, жұлдызша, күн)

2.Қазақстан өз тәуелсіздігін қай жылы алды? – (1991 жыл 16 желтоқсан)

3.«Отан қорғау» дегенді қалай түсінесің?

4.Әнұранның авторларын ата? –(Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжмедінов, Н.Назарбаев.)

5.ҚР тұңғыш президенті кім? – (Н.Н.Әбішұлы)

6.ҚР неше облыс бар? – (14 облыс)

7.Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? – (Тоқтар Әубәкіров)

8.Конституция күні? – (30 тамыз)

Қорытынды сөз: Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік.

“Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!” - деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен сабағымды аяқтаймын.

* * * * *

№ А00054 19.04.2021 ж

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

УТЕБАЕВА АЙЖАРКЫН

*Шымкент қаласы Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
Сарапхана елди мекени «Арсен» бобекжай балабақшасы тәрбиешісі*

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.


Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.

Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.



Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Мақсаты: Балалардың

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған

орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.




Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



* * * * *

№ A00055 21.04.2021 ж

Наурыздың Көктемге құда түсуі

КУЗЕНБАЕВА УМИТ РИЗУАНОВНА

БҚО. Бөрлі ауданы Ақсай қаласының

№ 8 «Өркен» бөбекжайы» МКҚ Музыка жетекшісі

Ертеңгілік: «Наурыздың Көктемге құда түсуі»

Балалар көңілді «Наурыз» әуенімен музыка залына кіреді.

Наурыз қайта оралды, аты да аңыз

Сұрамаймыз алғыс та, ақы да біз

Үй- дастархан, даламыз-сахнамыз

Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз!

Уа, халайық, халайық,

Мұнда назар салайық

Мерекесі халықтың

Наурыз тойын бастайық

Би: « Қазақ биі »

(Тақпақтар үш тілде балалар)



Әуенмен атпен Алдар Көсе кіреді.

Ойын ойнап, ән салмай,

Өсер бала боларма? - демекші

келесі кезекті ойынға берейік.

Ойын: «Көтеріспек»

Жүргізуші: Жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып, Ұлыстың ұлы күні келді ағайын. Ендеше Наурызды қарсы алайық!

(Музыка әуенімен Наурыз келеді).

-Сәлеметсіздерме, балалар! Наурыз тойы құтты болсын! Мен сіздерді көргеніме өте қуаныштымын!

Менің атым Наурыз!

Мені әр жыл сайын бүкіл әлем күтеді.

Мен бәрі асыға күтетін айдың бірімін.

Күнді жылытып, сай-саланы ерітіп, айналаны нұрға бөлеймін.

Мен көктемді өзіммен бірге алып келемін.

Жүргізуші:-Сәлеметсізбе Наурыз! Бізде сізде көргенімізге қуаныштымыз.Отырып, жайғасып біздің балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз!

Ілесіп Наурызбен көктем жетсін

Көңілін үлкен, кіші көкке өрлетсін

Еңсесі көтеріліп, ер азамат

Ескі жылмен реніш өкпең кетсін- деп ақын ағаларымыз жырлағандай,енді еңсемізді көтеріп «Наурыз» әнін шырқайық.

Ән: «Наурыз әні»

Жүргізуші:Бүгін ұлыстың ұлы күні.Ата-бабаларымыздың сөзімен айтсақ, ақ түйенің қарны жарылған күн.Наурыз жыл басы.Бұл біздің халқымызда Күн мен түн теңелер мезгіл. Наурыз айының 22-ші жұлдызына сәйкес келеді.Ұлыс күні қазан толса , ол жылы ақ мол болар.Ұлы кісіден бата алса сонда олжалы жолы болар деп нақыл айтып, ауыл арасын ауыз бірлікке, татулыққа шақыратын.Жыл басы -Наурыз күні айтылған бұл тілектер ақ болып, толық орындалады.Наурыз үйге келгенде бүкіл аурудың, жамандықтың бәрін өзімен бірге алып кетеді, ал адамдар мейірімді болуға тырысып, жақсы тілектер айтылады.

Тақпақтар.

Жүргізуші: Біздің қазақ халқытойды әнсіз, бисіз, ойынсыз тойламайтын халық. Сондықтан ойында әзір, бәрі әзір демекші ендігі кезекті ойынға беріп, ойын ойнасақ қайтеді?

Ойын: «Арқан тартыс»



Жүргізуші: Қадірлі Наурыз сіз неге көңілсізсіз? Сіздің мұңайуыңыздың себебі неде?

Наурыз: Көктем менің көптен күткен арманым еді! Бірақ менің көктемді әкелуіме Жарық хан қарсы. Көктемді әкелу үшін меннен қалың мал сұрап отыр. Ал, менің берер оған қалың малымда жоқ. (Мұңаяды).

Жүргізуші: Уа, халайық! Наурыздың

сүйген жары үшін қалың мал жинайық.

-Көмектесесіңдер ме, халайық?

Халық: -Ия

(2 бала тақиясына отырғандардан теңге жинап шығады. Наурызға береді).

-Уа, халайық маған қалың мал жинап көмектескендерің үшін алғысым шексіз! Мен енді тездетіп Көктемге барайын.

Жүргізуші: Наурыз ендеше тезірек ханның қызына құда түсіп, сенің ару көктеміңе қол жеткізейік.

(Наурыз шығып кетеді.)

Әуен ойналып, Жарық хан келеді. Көрпеге отырып, шәй ішеді, құлдары желдеткішпен желдетеді.

Хан: Қор қызындай хан қызына

Тең келе алмас ешбір жан

Менің сұлу ханшайымыма

Барма екен бұл әлемде лайық жан ?

Менің айдай ару ханшайымыма лайық бұл өмірде тең келер ешбір жан жоқ.

Көктем: Әке сіз қандай қатыгез едіңіз.

Наурызсыз қалай өмір сүремін? Әкешім білемісің қайғыдан гүл сияқты солып барам.

Хан. Менің естігімде келмейд Наурыздың атын. Енді оның атын аузыңа да алушы болма. Ол сенің теңіңде емес.

(Әуен ойналып Наурыз және құдалар кіреді).

1-құда: Ассалаумағалейкум, Ұлы Жарық хан!

2-құда: О, ұлы мәртебелім! Біз сіздің қызыңыз көктемге құда түсе келдік.

3-құда: Біз қалың мал әкелдік! (Ақшасы бар қап көрсетеді.)

Хан: Жоқ! Сұлу ханшайымымды мен Наурызға бермеймін. Ол оның теңі емес.

Жүргізуші: Қадірлі хан! Наурыз бен Көктемді барлық әлем күтуде. Оларсыз күннің көзі шуағын шашпайды, құстарда сайрамайды. Халықта көктем мерекесін тойламайды.

Жарық хан бүкіл халық Наурызды қолдап отыр, бір шешімге келіп келісіміңізді беріңіз! Көктем Наурызбен бақытты болады.

Хан: (Біраз, ойланып шарт қояды).

-Амал қанша, мен сендерге өзімнің шартымды айтайын. Маған сендердің алтындарың да, ақшаларыңда, байлықтарыңда керек емес. Мен онсызда баймын! Мен өз қызымды жақсы көремін, сондықтан оның бақытты болғанын қалаймын.

Сондықтан менің қоятын 3 шартым бар. Соны орындасаңдар келісімімді беремін.

Би: «Шабармандар » биі.

Тақпақтар:

Ойын: «Көкпар»

Хан: Жарайсыңдар, сендер барлық сыннан сүрінбей өттіңдер. Мен сендерге риза болып отырмын. Мен келісемін, батамды бердім.

(Наурыз бен Көктемнің қолдарын қосады, иіледі).

Жүргізуші: Бізде қарап қалмайық
Той шашуын шашайық,
Әсем әнмен әуелетіп,
Той тартуын тартайық.

(Әуенмен Бәтима әжей келеді, шашу шашады).

Жүргізуші: Әже бізге Наурыз күні наурыз көже туралы айтып беріңізші.

Әже: Адал астан бұйырған
Дәм татсын ел жиылған
Бидай салдым көжеге
Мол болсын, деп биыл нан
Тары салдым көжеге
Тойда палау болсын деп
Ауыздан ақ кетпесін
Келген риза, кеткен жоқ

Құтты қонақ ет жесін! -деп жеті түрлі тағам салып, тайқазанды толтыра Наурыз көжені жылда пісіремін.





Жүргізуші: Рахмет әже!
Жаңа -жыл елімізді жарылқасын
Қиналып әр отбасы тарықпасын
Ата -әже келгенде қуанғандай
Балалардан қуаныш арылмасын!
Қуанышты күнің, жаңа жылың құтты
болсын, халайық! Осымен біздің наурыз
мерекесіне арналған «Наурыз тойы!»-
атты ертеңгілігіміз аяқтала келді, келесі
жүздескенше амандықпен кездесейік
ағайын!

* * * * *

№ А00056 21.04.2021 ж

**Биология сабағында ақпараттық
технологияларды тиімді пайдалану**

ТҰРСЫНБАЙ ГАУҒАР ДОСАНҚЫЗЫ

Шымкент қаласы

“Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі”

Биология пәні оқытушысы

Шәкірттерін азамат қып саналы,
Ұстаз – ана дана бола алады.
Ең бастысы, ұстаз мынау өмірде
Ұлағат боп, ұлылық боп қалады.»

Заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу

мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Соңғы жылдары көптеген елдерде орын алып отырған ғаламдық өзгерістер – мемлекеттердің жаңа дәуірге, қоғамдық өмірлік негізін ақпараттық ресурстармен ақпараттық коммуникациялық технологиялар құрайтын ақпараттық кезеңге қадам басты. Қазіргі таңда ғылыми техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен жаңа технологияларды қолдануды кең көлемде қажет етеді. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдеріді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар:

біріншіден, интерактивті тақта арқылы электронды оқулықтарды қолдануға және оны көшіріп алып, белсенді жұмыс істеуге болады;

екіншіден, қосымша материалдарды да көшіріп енгізіп, онымен белсенді жұмыс істеуге болады;

үшіншіден, тақта ретінде жазуға, сызуға, өшіруге, дайын сызбаны жасап қоюға, жартылай жауап кезінде қолдануға т.с.с. көптеген іс-әрекеттерді жасауда уақытты үнемді пайдалануға болады.

Биология – ХХІ ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген.

Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор.

Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек. Сабақта мұғалім интерактивтік тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді.

Сабақ дайындығына дұрыс уақытты қалай бөлу керек?

Әр сабақта пайдаланатын көрнекі құралдарды қалай дайындайды?

Біз аталған сұрақтарға жауап беруге тырысамыз.

Интерактивті тақта оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда (салыстырғанда), көптеген жетістіктері бар.

Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабаққа дайындалу арқылы жақсы әсерге қол жеткізуге болады, бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады.

Мұғалімдердің пайымдауынша интерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы: белгілі бір материалды интерактивтік тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады, бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгеріп, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген электрондық оқулықтар мен компакт-дискілер бар.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның өмірімізге терең енуіне байланысты жеке пән сабақтарында компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оқушыларға терең де тиянақты білім беруге жағдай жасалды.

Компьютерлік графикалық материал презентациялық слайд көмегімен көрсетіледі. Microsoft Power Point бағдарламасының көмегімен оқу процесінде презентациялар мен слайдтар жасап көрсету, оқушылардың қызықты және дәлелді (мағыналы) болады, танымдық ойлауы мен есте сақтауын қалыптастырады.

Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді.

Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді.

Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды.

Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы.

Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Мен жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін.

Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар;
- Блок-схема, графиктер, диаграмма, т.б.;
- Тірек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары;
- Ойын арқылы оқыту;
- Сөзжұмбақ, ребустар;
- Тестілеу;

Биология сабағын меңгертуде компьютерлік анимациялардың маңызы зор. Оқушыларға жануарлардың мен өсімдіктердің суреттерін, сызба нұсқаларды көрсетіп қолдануына қолайлы.

Биология бойынша «Адам нәсілдері. Нәсілшілдіктің және әлеуметтік дарвинизмді сынау», «Жер тарихы және оны зерттеу әдістері. Жер тарихының шежіресі. Полеозой заманында тіршіліктің дамуы» тақырыбындағы өткізген сабағымда: сөз жұмбақты табуға, нәсілдердің түрлерін, олардың көздерінің, шаштарының және терісінің түстерінің қандай екенін бір-біріне айырмашылықтарына толық көздерін жеткізіп көрсетілді.

Жер тарихында тіршіліктің пайда болуы, әр кезеңде өсімдіктердің, жануарлардың түрлерінің дамуы туралы суреттерін, сызбанұсқалары пайдаланылды.

Биологтардың өмірі мен қызметі жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда оқушылар биологиядан тіршіліктегі барлық организмдер жөнінде энциклопедиялық мәліметтер ала алады.

Сонымен қатар оқушылар сабақта видеоматериалдар пайдаланады.

Олар оқушыларға заттар және олардың халық шаруашылығында қолдануы туралы мәліметтер алуға көмектеседі.

Рефераттар жазу барысында оқушылар өз беттерімен Интернет кеңістігінің материалдарын, электрондық оқулықтарды іздеу арқылы компьютерлік сауаттанады.

Сонымен қатар «Әлемдегі терең сыр, ғылыммен ғана ашылмақ...» химия-биология пәндері апталығында өткізілген «Экологиялық дағдарыстың аймақтық сипаты» атты тақырыптағы дебат ойынының компьютерлік нұсқасын пайдаланып, өз сабақтарымда компьютер көмегімен слайдтар дайындадым.

Слайдтарды қолдану нәтижесінде оқушыларға жаңа материалдарды меңгерту жеңіл, әрі уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде оқушыларда оларды ойша елестету және тақырыпты түсіну қиынға түседі. Оқушылар бұл ойын арқылы өз білімдерін шыңдайды. Сонымен биология сабағын компьютер көмегімен оқыту төмендегі мәселелерді қамтиды:

Оқушыларға оқылатын табиғат құбылыстарын толық және дәл ақпаратты бере отырып, оқу сапасын арттыру.

- 1) Оқытудың көркемділігін арттырады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді.
- 2) Оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқу материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;
- 3) Оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұранысын қанағаттандырады.
- 4) Мұғалімді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.
- 5) Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Интерактивті тақтаны қолданудың артықшылығы:

- 1) Интерактивті тақтада өтілген сабақтар оқушыларды жаңашылдығымен қызықтырады.

Сыныпта мұндай сабақ үстінде оқушылар өз ойын «өз сөзімен» айтатын шынайы қарым-қатынас туады, олар тапсырманы ынтамен орындайды, оқып жатқан материалға қызығушылықпен қарайды, оқушыда компьютер алдындағы қорқыныш жоғалады.

Оқушылар биология пәні бойынша оқулықпен, анықтамалық және басқа әдебиетпен жұмыс істеуді үйренеді. Оқушыларда жоғары нәтиже көрсетуге, қосымша қиын тапсырма алып орындауға қызығушылықтары пайда болады.

Интерактивті технологияның ерекшеліктері:

- 1) Бормен тақтаға жазған кескінді экрандағы түрлі –түсті, айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, әрі мүмкін емес. Слайдтарда кемшіліктер мен қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады. Сабақтың өнімділігі артады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды.
- 2) Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

3) Оқу материалын беру логикасына көп көңіл аударады, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсерін тигізеді. Компьютерге деген қарым-қатынас өзгереді.

Биология пәнінен сабақ өту барысында интерактивті оқыту технологиясын, яғни белсенді «Естігенді мен ұмытпаймын», «Істеген ісіме жауап беремін» әдістерін қолдану оқушыларды іс-әрекеттеріне дұрыс баға беруге тәрбиелейді. Менің міндетім-сабақта берілген материалдарды оқушылар толық түсіну үшін, қолайлы жағдай туғызамын.

Жақсы білім алу үшін қажетті ұстанымдар:

- Оқушы білім алуға дайын;
- Білім беруге түрлі әдістер мен тәсілдер қолданамын;
- Қайталау –білімді бекіту үшін қажетті элемент
- Қаншалықты оқу барысы шынайы болса, соғұрлым білім беру тиімдірек.

Мектеп емтихандарына даярлау кезіндегі мұғалім үшін де, оқушы үшін де таптырмас құрал. Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту процесінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық – психологиялық жаңа проблемалары әлі толық шешілмегені.

Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуіне байланысты.

Елбасының Қазақстан халқына жолдауында «Болашақ мамандарға сапалы білім беруге, әлемдік білім кеңестігінен» мемлекетімізге лайықты орын алуға білім саласындағы қызметкерлерге тиісті жағдай жасауға айрықша мән берілді. Өйткені елімізді көркейтетін де, өркендететін де білікті, білімді жастар екені түсінікті.

Сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің үздіксіз ізденуі, шыңдалуы, шығармашылықпен айналысуы, білімін жетілдіруі қажет.

Соның нәтижесінде ғалымдар жаңа технологияларды көптеп шығаруда. Себебі, жаңа оқыту технологияларын енгізу заман талабына сай білім беру бағыты өзгерді, өздігінен білім ала-алатын логикалық пайымдай, талдай қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру қажет.

Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігі өркениетті елдердің іс-тәжірибелерінде айқын сезіледі. Республикамызда білім беру жүйесі мен білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселеге айналды.

Қазақстандағы барлық орта мектептердің компьютермен жоспарлы түрде жабдықталуы оның айқын дәлелі.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану айтарлықтай нәтижелер береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметті нақтылауға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылған ой-пікірлерімді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады.

Мектептегі ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады.

Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенімім мол.

* * * * *

№ А00058 21.04.2021 ж

«Мен бастауыш сынып мұғалімі»

САТВАЛДИЕВА КУРАЛАЙ БЕРДАЛИЕВНА

*Түркістан облысы Ленгір қаласы Төле би ауданы
№ 7 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі*

Мен – бақыттымын! Неге дейсіз бе? Неге деген сол сұрақты қойыңызшы маған. Өйткені, мен неге бақытты екенімді айтуға асығыспын! Оның себебі, мен бастауыш сыныптың мұғалімін.

Мұғалім мамандығына жастайымнан бейімделгенмін деуге болады.

Бұл дәйек менің мамандық таңдаудағы алғашқы жетістігімнің бірі болды және тек қана осы жерде, балаларға тәрбие, білім беру арқылы қоғамға қандай да бір пайда әкеле аламын деген сенім берді.

Мен өмірімді жұмыстан бөлек елестете аламын ба? Жоқ, мен үшін ұстаздық – бұл мамандық емес, өмір салты. Ұстаздық – бұл менің жаратылысым. Сондықтан, «Ұстаздық – бұл адамға берілетін сый, ұстаздық – бұл талант, ұстаздық – бұл бейімділік, ұстаздық – бұл өмірлік іс» дер едім.

Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымды бүгінгі күнге дейін еңбек етудемін. Педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Жақсы ұстаз— бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігі болуы тиіс.

Күнделікті әр оқушыға математиканың заңдылықтарын ұғындыра отыра, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға тырысамын.

Бүгінгі заманауи сабақты жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларсыз елестету мүмкін емес, сондықтан өз іс-тәжірибеме әр оқушының өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, оны дамыту, жетілдіру жолдарын ескеремін.

Әрине, әр бала көбейту кестесін білуі, есептерді шешуі маңызды болса да, ең маңыздысы болашақта ол алған білімін өмірде қолдана алуы деп білемін.

Әр сабағымды шығармашылықпен жоспарлап, оқушыға дайын білімді бермей, бағыт бере отыра қиындықты жеңуге, ізденіс дағдыларын қалыптастыруға байланысты тапсырмалар әзірлеймін.

Әрбір сабақтың қызықты, тартымды өтуін, әрбір оқушы сыныптан шыға бере өзінің бүгінгі нәтижесі мен мүмкіндіктерін мақтан ететіндей сезімде болуын қадағалаймын. Қателеспейтін тұяқ жоқ демекші, қателесе отыра мақсатқа ұмтылуға жетелеймін. Оқушы үшін білім алатын орта қалыптастыру, оқушының ішкі уәжін ояту, оған өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсету, өзін-өзі бағалау, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, алған білімнің күнделікті өмірде қажеттілігін түсіндіру менің алдыма қойған мақсатым десем артық емес.

Бүлдіршіндердің сабаққа деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін, тіл үйренуге деген ынтасын арттыру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып, инновациялық әдістермен жұмыс жүргізгенді жақсы көремін.

Қазір жаңа технологиялардың түрі көп. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын қызықтыра оқыту көп нәрсені талап етеді.

Әрбір бала-бір-бір әлем. Сондықтан, сабақ үрдісінде түрлі әдіс – тәсілдерді және сонымен қатар түрлі формаларды қолдануға тырысамын.

Әсіресе ойын технологиясын көп қолданамын, бұл технологияны қолданғанда бүлдіршіндердің көздері жанып тапсырманы орындауға асығып отырады. Осы технологияларды сабақтарымда үнемі қолданып отырамын соның арқасында көздеген нәтижеме қол жеткізіп отырмын.

Бүлдіршіндердің бір орында ұзақ уақыт отырып қалмауын, жалығып кетпеуін ескеріп сабақтарды ойын түрінде қимылды-әуенді ойын-жаттығулар, қимылды-қозғалыс барысындағы тапсырмалар, шағын топтар жұмысы, логикалық ойлау қабілеттеріне арналған тапсырмаларды жұмбақ суреттер, ситуациялық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, ертегі негізіндегі тапсырмаларды қолданамын.

Ойында әрбір баланың шығармашылық қабілеті, ерік-жігері, көңіл-күйі ерекше байқалады.

«Ойлы бала-ойыннан белгілі» деген халық даналығы. Сондықтан, баланың ойынға деген қызығушылығын сабақ процесімен әр сабағымды ұйымдастырамын.

Өз тәжірибемде осының біреуін қолдану үшін күнделікті сабаққа кірген кезде бүлдіршіндердің жүздеріне мұқият қарап, олардың көңіл - күйлерін түсінуге тырысамын. Кейбір бүлдіршіндер көңілдері көтеріңкі, жайдарлы болса, кейбіреулерінің сабаққа ешқандай құштарлығы болмайды.

Сондай сәтте мен әр сабағымды шаттық шеңбері, жүрек жылуы, жылулық шеңбері, жақсы лебіз, психологиялық сәт немесе жақсы көңіл көтеретін әнмен, өлеңмен бастаймын. Бұл әдіс бір жағынан бүлдіршіндердің көңілін көтереді, екінші жағынан сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырады.

Мен бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан балаларды дұрыс сөйлеуге, ойын еркін жеткізе білуге үйретіп қана қоймай, оларды қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін сыйлауға, мемлекеттік тілді қадір тұтып, сыйластықпен қарауға үйретемін.

Мұғалімге қойылатын жауапкершілік зор. Сонымен қатар бүлдіршіндердің соған сай үйренсем – білсем деген талаптары күннен – күнге өсіп келеді.

Мерекелік ертеңгіліктерде үйірме жұмысында қазақ тілінде тақырыпқа сай тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтелдерді жатқа айтқызып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға тырысамын. Ұлттық мерекелерде қазақ халқының салт дәстүрлерінен үзінді, қойылымдар көрсетіледі.

Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз деп ойлаймын.

Мектеп табалдырығын тарыдай болып басқан және таудай болып шыққан бүлдіршіндерді сауатты, саналы азамат болып өсіру біздің қолымызда.

Олай болса еліміздің болашағын ойлайтын саналы азаматтарымыз, қасиетті тілімізді биік – биік шыңдарға шығарып, әлемдік тілдер қатарынан қоссын дегім келеді.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдығы,-деген Ғафу Қайырбековтың өлең жолдарын оқығанда, мен өзімді бақытты сезінемін. Ұстаз болғаныма мақтанамын.

Өйткені ұстаз – мақтан тұтар мамандық. Киелі әрі өте көне мамандық. Адам Ата Хауа Анадан бері жұмыр басты пендені ойландырып, толғандырып келе жатқан, қоғам өзгерсе де қажеттігін жоймайтын үлкен мәселе – шыр етіп дүниеге келген нәрестені өмір сүруге дайындау. Бұл – қиынның қиыны.

Себебі әр адам – қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі - өзінше бір әлем. Ал ұстаз сол әлемді шар-тарапқа жетелеуші. Ұстаз - бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Осындай қызығы да, қиындығы мол мамандықты мен де таңдадым. Ұстаз болу – бала кезімнен арманым еді.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - демекші, шәкірт бойындағы ұстамдылық пен тәрбиелілік көбіне ұстазға келіп тіреледі.

Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», - десе, Абылайхан Төле биді, Шәкәрім ұлы ақын Абайды ұстазым деп, шексіз құрметтеп кеткен екен.

Бұрынғы қазақ даласындағы ағартушылық қызмет балаға жазу-сызу, оқуды үйретуге ғана саятын болса, бүгінгі таңдағы білім беру саясы мүлде басқаша. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Ал жаңашыл ұстаз қандай болуы керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл - әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет.

Сондай-ақ ұстаз күнбе күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Өмірдің көшінен қалмау, яғни білімі мен біліктілігін әрдайым жетелдіріп, жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп отыруы керек. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.

«Ұстаз» сөзінің 2 түрлі сипаты бар. Бірі – белгілі пәннен сабақ беретін оқытушы да, екіншісі – жоғары беделді адамдарға ықпал етуші дана адам. Мектептегі ұстаз – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды.

Осы тұста Абайдың:
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға,- деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады.

Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе ?!

Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге себін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында.

Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд:
Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады,- дейді.

Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді.

Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті.

Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасады.

Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. «Педогогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Мұғалім шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес. Барлығы да өзімізге байланысты», - дейді осы мектептегі Айгүл апай.

Біздер, мұғалімдер, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын.

Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады:

- Дүниетанымдық көзқарасы, сенімі
- Қызметке бейімділігі
- Кәсіптік білімі мен біліктілігі
- Қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім
- Ұйымдастырушылық қабілет
- Заманға сай жаңашылдық

Бақыттың үлкені - өзіңді-өзің тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды?

Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз.

Өз тәжірибемді ой елегінен өткізе отырып: « Мұғаліммін, жұмыскер жай адаммын , жас өренге мейірі бай адаммын, білімменен ұрпағымды сусындатқан, Ұстаз деген атаққа сай адаммын», - дер едім.

Менің оқушыларым менен алған шамшырақтарын ары қарай жаға алатынын, өмірде пайдалана алатынын, жақындары мен қажет ететіндерге ұсына алатындықтарын білемін.

Мүмкін олар ғалым болмайтын шығар, бірақ олар нағыз адам болып шығады. Мен оларға сенемін!

* * * * *

№ A00059 21.04.2021 ж

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

КАБЕНОВА АЛМАГУЛЬ СОЦИАЛОВНА

*Павлодар облысы, Май ауданы
Көктөбе жалпы орта білім беру мектебінің
оқу ісі жөніндегі орынбасары,*

«Инновация» сөзі «жаңашылдық», «жаңалық енгізу», «жаңару» деген мағына береді. Инновациялық тәсілдер оқушыларға дайын білімді беруді емес, оны іздеуді үйретеді. Білім саласындағы көзделген мақсатқа қол жеткізуде педагогикалық инновацияларды белсенді енгізуге қажеттілік пайда болады. Ал педагогикалық инновациялардың мағынасы мен мақсаты – ол алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім саласындағы жаңа әдістерді дайындау, енгізу, тестілеу және бағалау. Инновацияның негізгі критерийі-оның жаңашылдығы мен өзектілігі. Білім берудегі жаңашылдық мынадай мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім саласындағы жаңа әдістерді дайындау, енгізу, тестілеу және бағалау. Инновацияның негізгі критерийі – оның жаңашылдығы мен өзектілігі. Білім берудегі жаңашылдық мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді:

- Білім беру үдерісін ізгілендіру;
- Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін оңтайландыру;
- Оқу –тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру;
- Әдіс- тәсіл және дидактикалық тұрғыдан оқу материалдарын өзгерту.

Білім беру мекемелерінде аталған мақсаттарға қол жеткізуге жаңа әдіс –тәсілдер көмектеседі.

Заманауи білім беру оқушыға барынша көлемді білім беруді емес, олардың өз бетінше ізденіп білім алуына жете тек біліп қана қоймай, алған білімін іске асыра алуын талап етеді. Педагогикалық инновация негізінде екі шешуші тәсіл бар. Тұлғалық –бағыттаушы тәсіл білім беру үдерісінің әрбір оқушыға бағытталуын білдіреді. Заманауи педагогика әрбір оқушының ерекшелігін ескеріп, оның бірегейлігіне назар аударуы қажет. Бұл тәсілді іске асырудағы қағида –таңдау қағидасы. Оқушы өзін қызықтырған бағытты таңдай алады:

- Сенім қағидасы (мұғалімдер тарапынан қысым болмауы);
- Шығармашылық және табыс қағидасы.

Құзыреттілік тәсілі-оқу жетістігіне басымдылық беру. Бұл жерде оқу жетістігі тек білім алу ғана емес, оқушының алған білімін түрлі жағдайда дұрыс қолдана отырып, шешім қабылдай білуге қабілетті болуы көзделген .

Осы тәсілдерді негізге ала отырып ,мектептерде білім беру мен бағалау жүйесіндегі әдіс-тәсілдердің ортақ инновациялық-педагогикалық технологиялар жиынтығын жасау қолға алынған . Заманауи педагогика мынадай инновациялық педагогикалық технологияларды ұсынады:

- Жобалық жұмыстар;
- Ойындық технологиялар;
- Қашықтықтан білім беру;
- Интерактивті технологиялар,
- Портфолио.

Осы технологиялардың әрқайсысына жеке тоқталып өтсек:

Жобалық жұмыс технологиясы оқушының шығармашылығын шыңдап қана қоймай ,оның ұжымда жұмыс жасай білуін қалыптастырады.Жобамен жұмыс жасау белгілі бір мәселені шешуді және оның жолдарын табуды көзейді, бұл жұмыс жұптық немесе шағын топтық болуы мүмкін.Тіл мен әдебиет, химия және физика және тағы басқада пәндер байланысты белсенді қолданылады. Бұл инновация жан-жақты ойлауды,сараптама жасай білуді, әлемнің біртұтастығын көруге мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы білім беру үдерісінде сабақтың элементі ретінде қолданылады. Білім алушы түпкі нәтижеден ғана емес,оған қол жеткізу жолдарынан да оң әсер алады. Ойынға қатысушылар алдын-ала дайындалған,ескертілген ойын тәртібіне бағынады.

Қашықтан білім беру технологиясы бойынша арнайы платформаларда лекциялар,тапсырмалар және кеңес беру , жинақталған курстар жасалады.Білім алушылар уақыт бөліп өз бетінше білім алуға дағдыланады. Мектептер өздерінің ақпараттық ресурстарын пайдалана алады.

Интерактивті технологияларда мұғалім мен оқушы орын алмасу арқылы топтық жұмыс жасап, ақпарат ала отырып, жаңа мүмкіндіктермен танысады. Интерактивті технологиялар мектепте семинарлар , пікірталастар өткізу арқылы іске асады, бұл жерде оқушылар өз ойларын дәлелдеп жеткізуге машықтанады.

Портфолио – білім берудегі жетістіктер динамикасына баға беру технологиясы. Бұл инновация мынадай ақпараттарды жинақтау арқылы жүзеге асады: «Электрондық портфолио», «Жетістіктер қалтасы» және «Өсу күнделігі» . Бұл жерде барлық жобалар ,жиналған матириалдар түрлі жобаларға, пікірталастарға қатысқаны туралы мәліметтер және нәтижелер жинақталады.

Аталған технологиялар әр оқушысының тұлғалық ерекшеліктерін, қажеттілігі мен ынтасын ескере отырып қолданылады .

Эффективность дистанционного обучения

ЖАППАРОВА АЙГҮЛ МАМЫРОВА

*Түркістан облысы Келес ауданы № 2, Ө.Жәнібеков атындағы
мектеп гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Дистанционное образование – «комплекс образовательных услуг, предоставляемых широким слоям населения в стране и за рубежом с помощью специализированной информационной образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии (спутниковое телевидение, радио, компьютерная связь и т.п.)

Дистанционное обучение – «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента. Среда обучения характеризуется тем, что учащиеся в основном, а часто и совсем, отдалены от преподавателя в пространстве и (или) во времени, в то же время они имеют возможность в любой момент поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации».

Дистанционное обучение – «это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео- и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники».

Дистанционное обучение – это «взаимодействие преподавателя и обучающихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемое специфическими средствами Интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность» и «это самостоятельная форма обучения, информационные технологии в дистанционном обучении являются ведущим средством».

В законе «Об образовании Российской Федерации» «под **электронным обучением** понимается организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ информации и обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, а также информационно-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации, взаимодействие обучающихся и педагогических работников. Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационно-телекоммуникационных сетей при

опосредованном (на расстоянии) взаимодействии обучающихся и педагогических работников».

Из этого множества определений наиболее точным считается следующее: **дистанционное обучение** – это «совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения». Существует большой набор средств, которые могут быть использованы для организации взаимодействия обучающегося и преподавателя. Наиболее широкое распространение в начальной школе получили следующие:

Электронная почта. Данная форма взаимодействия доступна для обучающихся и среднего, и начального звена. Преимущество заключается в том, что обучающийся может выполнять задание в удобное для него время, используя все необходимые ресурсы. Недостаток же в том, что преподаватель не может в реальном времени «сопровождать» и «направлять» учащегося.

Использование программы «Скайп» (Skype), позволяющей общаться через сеть интернет по всему миру. В этом случае преподаватель может давать необходимую консультацию непосредственно в процессе выполнения работы, обсуждать с обучающимся ход её выполнения, полученные результаты, вносить необходимые поправки. Сложности возникают с визуализацией работы учащегося, так как это происходит либо через веб-камеру, а качество сигнала не всегда позволяет это сделать, либо через электронную почту, что опять же приводит к «растянутости» во времени.

Гугл-документы. Данный ресурс можно использовать и при работе с документами, и с презентациями, и с таблицами. При этом доступ к ним может быть одновременным, т.е. преподаватель «видит», как обучающийся выполняет задание, может корректировать его работу. Недостаток данного ресурса в том, что есть ряд стран, которые ограничивают работу данного браузера и использование его ресурсов становится невозможным.

Moodle — система управления курсами (электронное обучение), также известная как система управления обучением или виртуальная обучающая среда, которая представляет собой веб-приложение, предоставляющее возможность создавать сайты для онлайн-обучения. «Задания могут решаться как в специальных тетрадях, так и на личной страничке, открытой в веб-браузере на компьютере у обучающегося. Личная страничка отображает содержимое веб-сайта, например, созданного в специальной системе управления обучением «Moodle». На этой страничке обучающийся, пройдя авторизацию, может выбрать предмет обучения, посмотреть задания, отправить их на проверку, посмотреть вспомогательные материалы и т.д. В свою очередь, этот веб-сайт размещаются точно так же как и миллионы обычных веб-сайтов

интернета, на сервере, специально выделенном или виртуальном хостинге. Соответственно, преподаватель имеет свой уровень доступа к системе и имеет несколько более широкие возможности, по сравнению с обучающимися. Может создавать и корректировать содержимое учебных курсов, просматривать задания и т.д. Тестовые задания, как правило, проверяются сразу в автоматическом режиме. А результаты учебы заносятся программой и преподавателем в электронный журнал».

Возможно также использование различных чатов, блогов, форумов, видеоконференций и т.д.

При выборе средства организации взаимодействия с обучающимся преподаватель прежде всего должен ориентироваться на те, которые доступны учащемуся в силу возраста и навыков работы с информационно-компьютерными технологиями, но при этом необходимо постепенно знакомить его и другими, так как это создаст у ребёнка дополнительную мотивацию, сделает процесс обучения более разнообразным, поможет повысить качество освоение учебного материала.

* * * * *

№ А00062 21.04.2021 ж

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

БІЛӘЛ ОРАЗБЕК

*Қостанай облысы Амангелді ауданы
«Балдырған» бөбекжай балабақшасының
дене шынықтыру нұсқаушысы*

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр–ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі

еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді,

себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын. Елбасымыздың осы тұжырымы арқылы, мұғалімдер ұжымы өз алдымыздағы қоғамдық міндеттің жауаптылығын сезінуіміз қажет.

* * * * *

МАЗМҰНЫ

- КАРТБАЕВА ЖАРҚЫНАЙ АМАНЖОЛОВНА
- МУШТАРБЕКОВА АСЕЛЬ МАРАЛОВНА
- ШАХАНОВА АНАР СОВЕТХАНОВНА
- ТАПАЕВА ГУЛЖАНАТ ХУДАИБЕРДИЕВНА
- УТЕБАЕВА АЙЖАРКЫН
- КУЗЕНБАЕВА УМИТ РИЗУАНОВНА
- ТҰРСЫНБАЙ ГАУҒАР ДОСАНҚЫЗЫ
- САТВАЛДИЕВА КУРАЛАЙ БЕРДАЛИЕВНА
- КАБЕНОВА АЛМАГУЛЬ СОЦИАЛОВНА
- ЖАППАРОВА АЙГҰЛ МАМЫРОВНА
- БІЛӘЛ ОРАЗБЕК